


ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІ

2021 ж. қаңтар-наурыз



120,9
МЛРД. ТГ.



114,2%
ИФО

- прочие осн. неорганические вещества
- удобрения и азотсодержащие вещества
- прочие химпродукты
- пластмассы в первичных формах
- красители и пигменты
- пестициды и прочая агрохимия

\$159,3 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 95,0%

от 5,0%

\$377,4
МЛН


НАРЫҚ

\$358,4 МЛН



ИМПОРТ

Нарық, экспорт және импорт бойынша 2021 ж. қаңтар-ақпандағы деректер



ӨҢІРЛЕРДЕГІ ӨНДІРІС

2021 жылғы қаңтар-наурыздағы химия өнеркәсібі бойынша қысқаша анықтама

2021 жылғы қаңтар-наурызда химия саласының өндіріс көлемі **120,9 млрд теңгені** құрады, бұл, 2020 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **3,4% төмен**.

Химия өнімі өндірісінде талдау жүргізілген кезеңде негізгі үлесті органикалық емес заттар – 35,2%, тыңайтқыштар және азоттан тұратын заттар 17,6% және басқа топтарға қосылмаған басқа да химия өнімдері - 9,4% құрады.

Физикалық көлем индексі (бұдан әрі - ФКИ) талдау жүргізілген кезеңде 114,2% құрады.

Заттай көріністе өндіріс көлемінің ең жоғары өсуін мына тауарлар көрсетті: цементке қоспалар (3,3 есе), полимер негізіндегі бояулар мен лактар (+22,1%), бояу тегістегіштері (+23,4%), бұл құрылыс жұмыстарының белсендірілуіне байланысты; тұтынушылық сұраныстың артуына байланысты каустикалық сода (+95,2%), натрий триполифосфаты (+48,1%), этил спирті (+21,5%), жуғыш заттар (+26,0%), көміртегі диоксиді (+16,5%), тұз қышқылы (+5,0%), аммиак (+3,7%); «АЗХС» АҚ-да өндірістің қалпына келуі және жинақталған қорды сатуға байланысты хром қосылыстары: натрий бихроматы (+21,2%), хром тотығы (+13,5%), хромдық ангидрид (+3,2%).

2021 ж. қаңтар-ақпанда химия өнеркәсібі өнімінің **экспорты** 159,3 млн. АҚШ долл. құрады және 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 2,5% өсуді көрсетеді.

Негізгі экспорт елдері: Ресей (15,9%), Өзбекстан (8,3%) және Германия (8,2%).

Химия өнімінің **импорты** 2021 ж. қаңтар-ақпанда 358,4 млн. АҚШ долл. құрады, бұл, 2019 ж. көрсеткіштен 4,1% төмен, бұл, Ресей (-3,8%) және Қытай (-2,5%) сияқты ірі жеткізуші елдердің импортының төмендеуіне байланысты. Негізгі импорттаушы елдер: Ресей (46,6%), Қытай (18,9%) және Германия (3,8%).

Химия өнімі **нарығының көлемі** 2021 жылғы қаңтар-ақпанда 377,4 млн АҚШ долл. құрады (158,3 млрд теңге). Отандық тауар өндірушілер (ОТӨ) үлесі былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,4 есеге төмендеді және 5% құрады. Импорт өнім үлесі 8% өсті және 95% құрады.

2021 ж. қаңтарда химия өнімі өндірісінің ең жоғары көлемі мына өңірлерде байқалады: Жамбыл (32,6%), Қарағанды (11,8%), Ақтөбе (10,7%) және Павлодар (9,8%) облыстарында.